

Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі

Жалған ақпаратқа қарсы
іс-қимыл орталығы

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТРЕНДТЕРІНІҢ БЮЛЛЕТЕНІ

2026 жылдың II тоқсаны (сәуір-маусым)

Жалған ақпарат
Манипуляция
Баяндаудың бұрмалануы
Қабылдау қателері



Байланыс мәліметтері

- [T.me/AntiFakeCenter](https://t.me/AntiFakeCenter)
- [Youtube.com/@JAQ.ORTCOM](https://www.youtube.com/@JAQ.ORTCOM)
- [Tiktok.com/@jaq.ortcom.kz](https://www.tiktok.com/@jaq.ortcom.kz)
- [Instagram.com/jaq.ortcom.kz](https://www.instagram.com/jaq.ortcom.kz)

| ТҮЙІНДЕМЕ

2026 жылдың II тоқсанында Қазақстандағы ақпараттық кеңістікте жалған ақпараттық белсенділіктің жоғары деңгейі сақталды. Орталық тарапынан жалған және бұрмаланған ақпарат таратқан 28 жағдай тіркелді.

28

дерек анықталды



6

платформа қамтылды



21

ведомство әрекет етті



3

ЖИ контенті бар тіркелді



КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР:

- Жалған ақпарат ағымының басым бағыттары: әлеуметтік төлемдер/жеңілдіктер, әскери тақырып, денсаулық сақтау және қаржы салалары.
- ЖИ көмегімен дайындалған контент пен дипфейктерді пайдалану жағдайлары аздап төмендегені байқалады. Есепті кезеңде 3 жағдай тіркелді (2026 ж. I тоқсанында 4 жағдай тіркелген болатын).
- ҚР ЕХӘҚМ, ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР ДСМ ақпараттық шабуылдар саны бойынша көш бастап тұр. Аталған ведомстволар екі тоқсан қатарынан теріске шығаруды талап ететін фейктер саны бойынша алдыңғы шепте келеді.

1. АЙЛАР БОЙЫНША ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ СТАТИСТИКАСЫ

Өзекті тақырыптар:

көші-қон, қаржы, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай.

Негізгі ведомстволар:

ҚР ЕХӘҚМ, Ұлттық банк, ҚР ДСМ, Маңғыстау облысының ПД, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті.

СӘУІР

7

ЖАҒДАЙ

Өзекті тақырыптар:

қаржы, әскер, денсаулық сақтау, құқықтық тәртіп, жануарларды қорғау.

Негізгі ведомстволар:

ҚР Қаржы министрлігінің МКК, Бас прокуратура ҚР ІІМ, ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР ДСМ.

МАМЫР

9

ЖАҒДАЙ

МАУСЫМ

12

ЖАҒДАЙ

Өзекті тақырыптар:

көші-қон, қауіпсіздік, әскер, әлеуметтік қамсыздандыру.

Негізгі ведомстволар:

ҚР СІМ, ҚР Қаржы министрлігі, Ұлттық банк, Құқық қорғау органдары, ЖАО

2. ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тіркелген жағдайларды талдау нәтижесінде 2026 жылдың II тоқсанына тән тұрақты тақырыптық кластерлерді анықтауға мүмкіндік туды.

Заңдар мен құқықтық тәртіпті сақтау және олармен байланысты бұрмалаулар: лаңкестік әрекеттер қауіп, құқық қорғау органдары туралы жалған ақпарат тағы да жетекші бағыт болып қала береді.

Қаржы саласы I тоқсанмен салыстырғанда екінші орынға шықты; бұл бағыттағы фейктер несиелендіруге, салықтарға, қаржылық деректердің жылыстауына және ақшалай қаражатты қайтаруға қатысты болды.

Әлеуметтік саясат тақырыбына байланысты жалған ақпараттың үлесі 14,3%-ға жетті. Оның ішінде сақтандыру, ықтиярхат алу, отбасы саясаты және әлеуметтік төлемдер мәселелері бар.

Қарулы Күштер мен әскери қызметке қатысты фейктер саны бойынша төртінші орында. Олар әскерге шақыру, әскери тәртіптің жай-күйі және полигондардағы қауіпсіздік мәселелерін қамтиды.

Денсаулық сақтау (вирустар, дәрі-дәрмектің қымбаттауы, вакцинация туралы мифтер) және экологиялық қауіпсіздік (табиғи апаттар, жануарлар дүниесі) тақырыптарының үлесі де 10,7%-ды құрады.

1-сурет - Жалған ақпарат жағдайларының тақырыптық бағыттар бойынша бөлінісі, 2026 ж. II тоқсан, %




2026 жылдың II тоқсанында жалған ақпараттың тақырыптық басымдықтары айлар бойынша айтарлықтай өзгеріп отырды.

Сәуір айында әлеуметтік саясат туралы бұрмалаушылықтар басым болды (42,9%). Заң мен тәртіп, қаржы саласы, денсаулық сақтау және тұтынушылық үрей тақырыптарының әрқайсысы 14,3%-дан үлесті иеленді.

Мамыр айында жалған мәліметтер көбіне қаржы саласына, денсаулық сақтау мен экологиялық қауіпсіздікке бағытталды (әрқайсысы 22,2%-дан).

Мамыр айында жалған мәліметтер көбіне қаржы саласына, денсаулық сақтау мен экологиялық қауіпсіздікке бағытталды (әрқайсысы 22,2%-дан).

2-сурет - Жалған ақпараттың айлар бойынша тақырыптық бөлінісі, 2026 ж. II тоқсан, %



3. ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫ ТАРАТУШЫЛАРДЫҢ НЫСАНАЛЫ АУДИТОРИЯЛАРЫ

Фейктердің тақырыбына, таралу арналарына және мазмұнына байланысты II тоқсандағы ықпал етудің негізгі нысаналы топтары мен олардың осалдық деңгейі айқындалды.

1-кесте - Нысаналы топтар және олардың жалған ақпаратқа осалдық деңгейі (2026 жылдың II тоқсаны)

НЫСАНАЛЫ ТОП	ЖАЛҒАН АҚПАРАТ МЫСАЛДАРЫ	ОСАЛДЫҚ
Әлеуметтік төлемдер алушылар/ зейнеткерлер	МӘСҚ дефолты, зейнетақыдан ұстап қалу, куррьерлерге төленетін төлемдер	СЫНШЫЛ
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық	Несиелер, тұру рұқсаты, салықтар, дәрі-дәрмек бағасының өсуі	ЖОҒАРЫ
Ата-аналар/ балалы отбасылар	Вакциналар және аутизм, ҰБТ дұрыс жауаптар базасының таралуы, балалардың қауіпсіздігі	ЖОҒАРЫ
Әскери міндеттілер мен олардың ата- аналары	Әскерден босату, 27 жастан кейін қайта даярлау, ескі қару	ОРТАША
Бизнес / кәсіпкерлер	Санитарлық нормалар, салықтар, МКК шоттарын қадағалау	ОРТАША
Ақпаратты белсенді тұтынушылар (сегменттеусіз)	Босқындар, торнадо, Балқаш, сериялық кісі өлтіруші, екінші әуежай	ТӨМЕН

2026 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда, нысаналы аудитория құрылымындағы ең елеулі өзгерістер: ҰБТ тақырыбы арқылы ата-аналар қауымдастығына ақпараттық ықпал ету аясының кеңеюі және бір тоқсан ішінде бірден үш түрлі нарративті қолдану есебінен әскери міндеттілерге бағытталған манипуляциялардың үдеуі болып табылады.

4. ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

2026 жылдың II тоқсанында жалған ақпарат материалдарының арасында заңнаманы бұрмалауға негізделген әдістер басым болды. Олардың үлесіне тіркелген барлық кейстердің 32,1%-ы тиесілі.

Екінші орынды бірден екі санат бөлісті: үрей туғызу мақсатында қорқынышты үдету және контексті бұрмалап манипуляция жасау - әрқайсысы 25,0%-дан құрады. Осылайша, барлық манипуляциялардың жартысы мүлдем ойдан шығарылған ақпараттық себептерге емес, аудиторияның эмоциясымен ойнауға және шынайы фактілерді іріктеп ұсынуға негізделген.

Келесі сатыда дипфейктер мен ЖИ генерациясы орналасқан (10,7%). Мұндай салыстырмалы түрдегі аз үлес нейрожелілердің әлі де жаппай «конвейерлік» өндіріс құралына айнала қоймағанымен түсіндіріледі. Дегенмен, олардың қаупі басқада: бүгінде ЖИ сенімділікті арттырудың басты үдеткіші болып табылады. Түрлі өңделген контент қарапайым мәтінге сенім азайған тұста, көрнекі «дәлелдер» жасау үшін нүктелі түрде қолданылады.

Мақсаттардың бөлінісінен де басымдықтардың ауысқаны байқалады: мемлекеттік органдардың беделін түсіруге барлық жағдайдың тек 7,1%-ы ғана тиесілі болды. Ведомстволардың беделіне тікелей қысым жасау тәсілі дерексіз ақпараттық себептерге жол берді. Фейк авторлары құрылымдардың өзіне емес, олар қабылдайтын шешімдер мен заңдарға шабуыл жасауды жөн көрген.

3-сурет - Жалған ақпарат әдістерінің бөлінісі, 2026 ж. II тоқсан, %



5. АҚПАРАТТЫҚ ШАБУЫЛДАРҒА ЕҢ КӨП ҰШЫРАҒАН МИНИСТРЛІКТЕР МЕН ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ ҮЗДІК ТІЗІМІ

2026 жылдың II тоқсанында ресми теріске шығарулардың ең көп санын ҚР ДСМ мен облыстық ПД жариялады. Олардың әрқайсысына жалпы көрсеткіштің 14,3%-ы тиесілі. Келесі кезекте ҚР ЕХӘҚМ, ҚР Қорғаныс министрлігі және басқа деңгейдегі облыстық ведомстволар орналасқан – әрқайсысы 10,7%-дан. Теріске шығарулардың 7,1%-ы ҚР Қаржы министрлігіне, ҚР Ұлттық Банкіне және әкімдіктерге тиесілі болды. Жалпы алғанда, құрылымдық талдау II тоқсанда фейктерге ден қою бойынша жүктеме әлеуметтік, құқық қорғау және өңірлік бейіндегі ведомстволарға түскенін көрсетеді.

4-сурет - Теріске шығарулар саны бойынша ведомстволардың рейтингі, 2026 жылғы II тоқсан, %



II тоқсанда жалған ақпарат әдеттегідей негізгі секторлар - құқық қорғау, әлеуметтік және медицина салалары бойынша бөлінді. Дегенмен, ҚР Қорғаныс министрлігі ең басты және қоғамда үлкен резонанс тудырған нысанаға айналды. Ведомство бір мезгілде дербес үш бағыт бойынша ақпараттық шабуылға ұшырады: техникалық, (қару-жарақтың ескіргені туралы жалған мәліметтер); құндылық (дін және жыныстық бағдар); жұмылдыру (әскери жиындар мен қайта даярлаудан өту).

Бұл жағдай Қорғаныс министрлігінің қоғамда жалған ақпарат тұрғысынан ең сезімтал және барынша жоғары резонанс тудыратын нысан болып қала беретінін дәлелдейді.

2-кесте - Ведомстволар және ақпараттық шабуылдардың типтік нарративтері (2026 жылдың II тоқсаны)

ВЕДОМСТВО	ЖАҒДАЙ	ТИПТІК НАРРАТИВТЕР
1 ҚР ІІМ/ облыстық ПД	5	ТЖ туралы жалған қатерлер, «сериялық кісі өлтіруші», әскери оқу-жаттығулар кезіндегі ТЖ, ЖИ арқылы жасалған фейктер.
2 ҚР ДСМ	4	Вакцинация мен аутизмнің байланысы, бет нервінің невриті, дәрі-дәрмек бағасының өсуі.
3 ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ	3	Ескірген қару-жарақтар, діни немесе жыныстық бағдар бойынша әскерден босату, 27 жастан кейін әскери қайта даярлаудан өту, дипфейктер.
4 ҚР ЕХӘҚМ	3	МӘСҚ дефолты, ықтиярхат алу, курьерлерді әлеуметтік төлемдерден айыру.
5 ҚР ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ	2	Банк шоттарын аңду/бақылау, кәсіпкерлердің дербес деректерінің жылыстауы
6 ҚР Ұлттық Банкі	2	Жекелеген санаттарға арналған несиелер, ШОБ үшін ұлттық рейтинг
7 ӘКІМДІКТЕР	2	Екінші әуежай құрылысы, қонжықтың өлімі
8 ҚР СІМ	1	Босқындар орталығы
9 ҚР БАС прокуратурасы	1	Қызметкерлердің дипфейктері, ақшаны қайтару туралы уәделер
10 ҚР ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ	1	Автокөлік тұрағына тыйым салу
11 Басқалары	4	Мейрамханада ит етін дайындау, өңірлерде жолақ қорқаудың жүргені, ажырасу саны бойынша рейтинг деректері туралы фейктер.

6. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАМТУ

II тоқсанда жалған ақпаратты кеңінен тарату үрдісі басымдыққа ие болды. Бастапқыда жалпыреспубликалық сипатта болған тақырыптармен (әлеуметтік саясат, қауіпсіздік, қаржы) қатар, өзекті аймақтық мәселелерді пайдалану арқылы жергілікті ақпараттық себептерді ел деңгейіне шығару әрекеттері тіркелді. Тек ерекше вирустық контентке негізделген жекелеген кейстер ғана таза жергілікті сипатта қалды.

3-кесте - Жалған ақпарат жағдайларының аймақтық бөлінуі (2026 жылдың II тоқсаны)

ӨҢІР	ЖАҒДАЙ	ЖАЛҒАН АҚПАРАТ СИПАТЫ	АЙ
Жетісу облысы	2	Ауылда қонжықтың өлімі, торнадо	Мамыр-маусым
Қарағанды облысы	2	Балхаштағы автомобиль	Маусым
Маңғыстау облысы	2	СО жарылғыш зат, қорқаудың суреті	Сәуір-мамыр
Алматы	2	ПД оқу-жаттығуы кезіндегі ТЖ, мейрамханада ит етін дайындау	Мамыр-маусым
Қызылорда облысы	1	Сериялық кісі өлтіруші	Маусым
Жалпыұлттық көрсеткіш	19	Әртүрлі	Сәуір-маусым

| ҚОРЫТЫНДЫ

- Тіркелген фейктерді талдау көрсеткендей, манипуляторлар толықтай ойдан шығарылған ақпараттық себептерді жасаудан бас тартып, аудиторияның осал тұстарымен ойнау тәсіліне көшкен. Негізгі әдістер ретінде заңнаманы бұрмалау (32,1%), сондай-ақ үрей туғызу және фактілерді іріктеп ұсыну (жиынтығы 50%) анықталды. Осылайша, тіркелген барлық жағдайлардың жартысы эмоционалды қысым жасауға және шынайы жаңалықтардағы логикалық байланыстарды бұрмалауға негізделген.
- Шабуыл нысандарының құрылымында сапалық өзгерістер орын алды. Мемлекеттік органдарды институт ретінде тікелей беделсіздендіру әрекеттері ең аз үлесті (7,1%) құрады. Оның орнына жалған ақпарат олардың әлеуметтік маңызы бар салалардағы (ИМ, ДСМ, ЕХӘҚМ) нақты жұмыс нәтижелеріне бағытталды. Тоқсанның негізгі тренді: қорғаныс блогы (ҚР Қорғаныс министрлігі) ақпараттық қысым аймағында қалды. Ведомствоға қарсы бір мезгілде үш дербес нарратив (қару-жарақ сапасы, идеология/құндылықтар, жұмылдыру ресурсы) бойынша науқан жүргізілді. Бұл қорғаныс секторын манипуляторлар қоғамдық резонансы ең жоғары нүкте ретінде қарастыратынын дәлелдейді.
- Дипфейктер мен ЖИ генерациясын қолданудың тіркелген 3 жағдайы (I тоқсандағы 4 жағдаймен салыстырғанда) белсенділіктің «төмендегенін» емес, үрдістің тұрақтанғанын көрсетеді. Сапалы синтетикалық контент жасау өндіріс жылдамдығы мен арзандығы жағынан әзірге дәстүрлі мәтіндік манипуляцияларға жол беріп тұр. Дегенмен, қауіп-қатерлер құрылымында ЖИ-дің ықпалы сыни деңгейде қалуда: ол қарапайым мәтін сенім тудырмайтын тұстарда көрнекі «дәлелдер» жасау үшін нүктелі түрде қолданылады.
- Манипуляторлар аудиторияны ретсіз кеңейтудің орнына, азаматтардың осалдық деңгейлері әртүрлі топтарымен мақсатты жұмыс істеді. Шабуылдардың көпшілігі бастапқыда жалпыреспубликалық деңгейде (аудитория ерекше сезімтал келетін әлеуметтік төлемдер мен зейнетақылар төңірегінде) іске қосылды. Сонымен қатар, жергілікті ақпараттық себептерді «экспорттаудың» тактикалық тренді тіркелді: авторлар эмоционалды реңкі бар аймақтық кейстерді алып, жүйелі дағдарыс елесін жасау мақсатында оларды жасанды түрде ел деңгейіне шығарды.